

## ТІЛ БІЛІМІ

ӘОЖ 811.512.13:366.

**Чяу Рүй,**  
докторант,  
ҚХР Орталық ұлттар университеті  
Бейжің/Қытай

### **Қазіргі ұйғыр тіліндегі dA етістігі арқылы көне түркі тіліндегі «ti» етістігінің кейбір грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасау**

**Аңдатпа:** Мақалада қазіргі ұйғыр тіліндегі етістік «dA» сөзінің сөйлемдегі лексикалық мағынасы, сөйлемдегі рөлі арқылы көне түркі тіліндегі «ti» етістігінің мағынасы мен рөліне талдау жасалып, осы арқылы көне түркі тіліндегі «ti» етістігінің мағынасы мен рөлі анықталған.

**Кілт сөздер:** қазіргі ұйғыр тілі «dA» етістігі, Көне түркі тілі «ti» етістігі, лексикалық және синтаксистік салыстыру

Бізге белгілі қазіргі ұйғыр тіліндегі dA сөзі көне түркі тіліндегі ti (tA формасы да бар) сөзінен дамыған. Көне түркі тілі және қазіргі ұйғыр тілінде болсын бұл екі сөз - негізгі және біршама көп қолданылатын етістіктердің бірі. Адамзат қоғамының дамуына сай, адамзат қоғамының ең басты құралы болған тіл қалыптасудан бүгінгі күнге жетуге дейін үздіксіз өзгеріске ұшырап келгені мәлім. Қазіргі ұйғыр тіліндегі dA сөзі мен көне түркі тіліндегі ti сөзін салыстыру арқылы ti сөзі үздіксіз даму барысында тұлғалық, мағыналық және қолданылуы жақтан түрлі тарихи барыстарды басынан өткізгенін байқаймыз. Дегенмен, қазір бізге белгілі болған ұйғыр тіліндегі dA сөзінің түрлі мағынасы мен қызметі тұрғысынан көне түркі тіліндегі ti мен салыстырсақ, оның көне түркі тіліндегі ti етістігін тереңірек тануымызға пайдасы бар екендігін де байқадық. Бұл мақаламызда қазіргі ұйғыр тіліндегі dA-нің мағынасы мен қолданылуы тұрғысынан көне түркі тіліндегі ti-ні салыстырамыз, осы арқылы көне түркі тіліндегі («Тоникук», «Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштерін негіз стеміз) ti-нің мағынасы мен қолданылуын тереңірек түсінеміз.

Бірінші, dA мен ti-нің лексикалық мағынасы.

dA мен ti-нің екеуінің де негізгі мағынасы: айту, деу.

Екінші, dA мен ti-нің тұлғасы.

Етістік категориясына жататын dAның басқа етістіктердей шактық, жақтық, рай, етіс, көсемше, есімше сынды тұлғалары бар. Тарихи тұлғасы болған көне түркі тіліндегі ti-ның де осындай формалары бар деуге болады. Мысалы «Тоникук» мәңгі тасында ti-ның мынадай формаларын кезіктіреміз: timiΣ, tAmiΣ, tidi, tidim, tiyin, tAyin, tirmin, tir, tidAΣi.

Үшінші, dA мен ti-ның аралас сөйлем (төл сөз және төлеу сөз) құрамындағы рөлі

Бұны біз төмендегі бірнеше мазмұндарға бөліп түсіндіреміз.

1. Төл сөз бен төлеу сөз және dA-нің арасындағы құрылымдық қатынас:

dA сөзінің алдындағы төл сөз бен төлеу сөз қазіргі ұйғыр тілінде сөйлемде толықтауыш болады. Бұндайда табыс септіккіт қосымшасы төл сөз бен төлеу сөз соңынан жалғанбайды. Онда, төл сөз бен төлеу сөз және dA арасындағы қатынас толықтауыш және салт етістік арасындағы қатынасқа жатады.

2. Қазіргі ұйғыр тілінде төл сөз немесе төлеу сөз dA сөзі арқылы айтылады, осы арқылы сөйлем түрлі мағыналарды білдіреді. Мысалы қазіргі ұйғыр тілінде:

- Ұ әте килымән діду.
- Ұ әдісініні гүлжада ішлейдіғыныны дәду.

Жоғардағы ұйғыр тіліндегі екі сөйлем құрамында төл сөз құрамындағы қимыл йесі(мен) айтылмайды. Бұндай форманы көне түркі тілінен («тоникук» ескерткіші) көп кезіктіруге болады. Мысалы:

ТАҗигі аңса timiш Агінч қап bArtim : (тәңрі андай деген екен: қан бердім. Сөйлем жай хабарлай айтылған. Қимыл иесі “мен” қысқарған).

қауаним: altun уйшда : oluruш tidi : (қағаным алтын тауда отырындар деді. Сөйлем бұйрық мағынасын білдіреді. “Сендер” қысқарған)

3. Қазіргі ұйғыр тіліндегі dA мен төл сөздің сөйлем құрамындағы орны төмендегідей болады: Мысалы :

- •dA төл сөзден кейін болады:

—бірінші изә кайернің ашлықыны берді,-дідү Чын башлық.

«Тонькөк» құлыптасында төл сөз алдында келетін жағдайлар өте көп. Мысалы :BilgA□Тоһуқуқ : ötüntük : ötünçümüz : AŞidü bArti : күнүлүнчА□ : uduz tidi : (мен білгі тұникуктын өтінген өтінішін тыңдады. Көніліндегідей ерт деді.)

- •dA сөзі төл сөздің алдында болады:

Ұ мұндақ дідү: мен бұныңға қошүлмәймен.

TANri : аңса timiш Агінч : қап bArtim : (тәңрі андай деген екен: қан бердім.)

- •dA төл сөздің арасында болады:

—бармәймен—дыду ұ—әмді бармәймен.

Buһaңç ol timiш : Oғuzi≡ уAmA : taғaңç ol timiш :

(—бұлғаныш олар—оғұздар да тарқак ол деді.)

- •dA төл сөздің алдында да, соңында да болады.

Ұ мұндақ дідү: килер қитим мен барай дідү.

қауан аңса timiш bAniш buduniм anta Агүр : timiш : (қаған мынадай делі: менің халқым сол жерде еді деді.)

Төртінші, dAp пен tiyin арасындағы байланыс.

dAp болса dA ның көсемше тұлғасы. tiyin болса ti нің көсемше тұлғасы. Төменде біз бұл екеуінің сөйлемдегі мағынасы мен қызметіне талдау жасаймыз.

1. dAp пен tiyin екеуі де төл сөзді сөйлемді құрайды. Оның үстіне екеуінің соңында үнемі етістік сөз тіркесіп, күрделі етістікті құрайды. Қазіргі ұйғыр тілінде dAp сөзінен кейін үнемі “ойла, біл, аңла, сөзле, сұра” сынды ойлауға қатысты немесе қарым-қатынасқа қатысты етістіктер тіркеседі. Мысалы:

- •Мен ұны маңа яманлық қылыду деп ойлымәймен.

- •Мен ұны киліду деп аңлыдым.

Ал, көне түркі тіліндегі tiyin нан соң үнемы “saq↔n, bil, itip, öglA” деген сияқты ойлауға қатысты немесе қарым-қатынасқа қатысты сөздер тіркеседі.

• sAmiz buqa : toruq buqa tiyin : bilmAz Armis tiyin : аңса saqintim : (семіз бұқа арық бұқа деп білмейтін еді деп осылай ойландым.)

• Ötükün уArig : qonmuш tiyin : Ašidip : bAryAki : bodun quryaqi : уarіуaqi : öғrAki : bodun kAltі : (өткенді мекендепті деп естіп, оңтүстіктегі халық, батыстағы, солтүстіктегі, шығыстағы халық келді.)

2. dAp пен tiyin екеуі де бұйрықты сөйлемнен кейін келіп, мақсат мәнді білдіреді.

Мысалы: біз ұны шақырайлы деп барғаныдүк.

Soydaq : budun : itAyin tiyin : yinçü : ügüzig : kAçA TAmir Qapıyqa : tAgi : sülAdimiz : (соғды халқын алайын деп, інжу дариясын кешіп, темір қақпаға дейін соғыстық.)

3. dAp пен tiyin сөздері зат есім, сын есім, бұйрық мәнді етістік сөздерінің соңынан тіркесіп, себеп-салдарды білдіреді. Мысалы:

- Тұнышұм, йұрттұшым деп, ұларға йердем кылдым.
- Бала-шақаны сиғындым деп, үйімгә бардым.

üküş tiyin : nAkA qorqurbiz : az tiyin : nA basin alim : tAgAlim tidim : (көп деп неге қорқамыз, аз деп неге басындырамыз. Тисейік дедім.)

Қысқасы мақаламызда қазіргі ұйғыр тіліндегі dA сөзі арқылы көне түркі тіліндегі ti-ның кейбір мағынасы мен қызметі туралы кейбір анықтама жасадық. Дегенмен, мағынасы мен сөйлемдегі рөлі жағынан қарағанда, қазіргі ұйғыр тіліндегі dA сөзі даму барысында кейбір жаңа мағыналар мен қызметтер үстелгенін де байқаймыз. Біз мақаламыздың қажетіне сай тек қазіргі тілдегі dA сөзі мен көне түркі тіліндегі ti сөзді салыстыру арқылы көне түркі тіліндегі кейбір сөздердің мағынасы мен сөйлемдегі қызметін ішкерлей түсініуге көмегі болатындығын ғана ортаға қойдық. Алдағы күнде ілгерлей салыстырудың керектігін де ескертеміз.

### Resume

The article deals with the lexical meaning of the verb and the role of «da» in the proposals and this is determined by the value and role of the verb «ti» in ancient Turkic language.

### Özet

Makalede fiilin sözlük anlamının ve «da» fiilin değeri ve rolü teklif ve tespit edilmektedir. Ve bununla eski türk dilinde «ti» fiilin rölü araştırılmaktadır.

### Резюме

В статье рассматривается лексическое значение и роль глагола «da» в предложениях и через этого определяется значение и роль глагола «ti» в древнотюркском языке.

ӘОЖ 811.512.122 (943.42)(510)

**У Жинфың,**  
Ф.ғ.д., профессор,  
**Фан Гуочиян,**  
магистрант,  
Іле педагогикалық университеті  
Құлжа/Қытай

### Қытайдағы қазақ тілінің диалектологиясының зерттелу жағдайы

**Аңдатпа:** Қытайдағы қазақ тілінің диалекті мәселесі - бастан аяқ тіл білімі саласындағылардың үздіксіз талқылана келе жатқан тақырып. Мақалада ҚХР құрылғаннан, әсіресе 20-ғасырдың 80-жылдарынан бері қарай қазақ тілінің диалектілерін зерттеудегі үш түрлі көзқарасты жинақтап көрсетумен бірге тіл білімінің теориясы мен әдістерін қолдана отырып, Қытайдағы қазақ тілінде диалект пен бірге говор да бар дейтін көзқарасты ортаға қояды.

**Кілт сөздер:** қытайдағы қазақ тілі, диалект, баға, зерттеу.

Диалект тілдің бір түрлі жергілікті тармақтары, тілдің жіктелуінің нәтижесі болып табылады. Диалект- объективті өмір сүретін қоғамдық болмыс, тарихи дамудың өнімі. Арқандай ұлттың тілінің дамуы барысында қашанда өзінің диалектіге жіктеліп барлыққа келеді. Әдетте тарихи даму барысы біршама ұзақ, қолданылу аясы кең, қолданатын адамдардың саны көбірек тілдердің диалекттері де біршама көбірек болады. Қытай тілі – міне, мұның жақсы мысалы. Оның солтүстік диалект районы, уу диалект районы, шиян диалект районы, гап диалект районы, қыжия диалект районы, юе диалект районы, «мин диалект районы қатарлы жеті диалект районына бөлінеді.